

8D01101 – Педагогика және психология білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынылған Абылайхан Салтанат Мұратханқызының «Рухани жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастырудың теориялық және практикалық негіздері» тақырыбына жазылған диссертациялық жұмысына

ШІКІР

Заманауи әлемдік және мемлекеттік әлеуметтік-мәдени жағдайларды талдау адамгершілік мәдениет теориясының қазіргі даму үдерісін, рухани жаңғыру жағдайының болашаққа қатысты орталық бағыттардың біріне айналатынын көрсетті. Мемлекеттің болашағы, барлық өркениеттің болашағы көп жағдайда білімге байланысты. Ал, мектепке дейінгі жас ерекше назарға лайық, өйткені оның психологиялық сипаттамалары рухани жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастыру мақсатында педагогикалық ықпал ету үшін негіз болады.

Диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігі рухани жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастыру мәселесі теориялық пайымдалмаған және эксперименттік зерттелмеген. Осыған байланысты, Абылайхан С.М. диссертациялық жұмысында зерттеудің өзектілігі белгілі, жан-жақты берілген. Мұнда автор қоғам қажеттілігі мен мектеп жасына дейінгі балалардың тұлғасындағы білім, рухани жаңғыру жағдайында адамгершілік мәдениет белгілері туралы біліп қана қоймай, сонымен қатар олардың байқалу дағдылары мен іскерліктерін меңгеруде, қалыптастыруда теориялық және әдістемелік тұрғыдан педагогикалық жүйе мен технологияның өңделмегендігі сияқты қарама-қайшылықтарды мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиелеу-білім беру үрдісінде оны шешудің ғылыми негізделген және тиімді жолдарын анықтау мәселесін көтерген.

Диссертация құрылымы ғылыми зерттеудің мәнін логикалық түрде көрсетеді. Кіріспеден, екі бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұратын диссертациялық жұмыстың қойылған мақсатқа жету және зерттеу міндеттерін шешу үшін ізденуші мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиелеу-білім беру үрдісіне педагогтарға, ата-аналарға және балаларға арналған ақпараттық-технологиялық кешен әзірлеп, енгізген.

Автор зерттеуінің ғылыми нәтижелерін келесі басылымдарда: облыстық әлеуметтік-педагогикалық инновациялар жәрмеңкесінде, республикалық, халықаралық ғылыми-теориялық және ғылыми-практикалық конференциялар материалдарында, Scopus базасына енген журналдарда, ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК ұсынған басылымдар тізімінде жариялаған. Сонымен қоса докторант: 1 оқу құралын, 2 әдістемелік нұсқаулық, 1 ЭЕМ-ға арналған бағдарлама, 1 электронды оқу құралын, 1 электронды әдістемелік нұсқаулық шығарған.

Диссертация жоғары ғылыми деңгейде орындалған және рухани жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін

қалыптастыру саласында үлесін қосатын аяқталған ғылыми жұмыс болып табылады.

Диссертациялық зерттеу барысында алынған нәтижелер ата-аналар, педагогтар, балалар үшін маңызы зор практикалық құндылыққа ие екенін атап өткім келеді.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылап 8D01101 – «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациялық жұмыс барлық талаптарға сай, дербес орындалған, аяқталған ғылыми жұмыс екенін атай келе, авторы Абылайхан Салтанат Мұратханқызы ізденген дәрежесін иеленуге лайықты.

Пікір берген:

М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті, педагогикалық білім беру факультеті, білім беру жүйелерін басқару кафедрасының аға оқытушысы, психология ғылымдарының кандидаты



Гасанова Р.Р.